

«Ақсана» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

Бекіттемін

«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:



Д.А. Темирова.

Жетілдіру педагогикалық кеңес

«27» тамыз 2021 жыл.

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР**

Ерте жас «Бөбек» тобының Перспективалық жоспары

2021-2022ж

Бекітемін:

«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:



Д.А.Темирова.

№1 педагогикалық кеңес

«27» тамыз 2021 жыл.

1.4. Балабақшаның күн тәртібі
Ерте жас тобы
(1 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.30 - 9.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	9.30 - 10.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	10.00 - 10.25
Серуенге дайындық, серуен	10.25 - 11.30
Серуеннен оралу	11.30 - 11.50
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.25
Серуенге дайындық, серуен	16.25 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 - 18.00

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕСТЕЛЕРІ

Бекітемін:

«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:

Д.А. Темирова.

№1 педагогикалық кеңес

«27» тамыз 2021 жыл.

Ерте жас (1 жастан бастап) «Бөбек» тобы

2021-2022жыл

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3		Дене шынықтыру (1,0)		2.Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас»-1		1.Сөйлеуді дамыту (0,5) 1-2 апта		Көркем әдебиет (0,5) 3-4 апта	
«Таным»-1	1.Сенсорика (0,5) 3 -4 апта				Жаратылыстан у (0,5) 2,4апта
«Шығармашылық» -2	2.Музыка (0,5) 1- 2 апта		1.Сурет салу (0,5) 1,3 апта/ Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта		
«Әлеумет»-0					

ҰОҚ жалпы көлемі - 7 сағат. ҰОҚ ұзақтығы - 7-10 мин

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

«Бөбек» Ерте жас тобы

Қыркүйек айы

Тақырыбы:«Балабақша»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту. Байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Балалардың белсенділігін нығайту,ептілік,шапшаңдылықтарын батылдықтарын арттыру.

Міндеттері: Балаларды бір-бірімен,балабақшамен таныстыру. Балаларға балабақша , топ сөздерінің мағынасын түсіндіру . Балабақшаның –балалардың екінші үйі , онда уақытты топпен бірге қалай көңілді , қызықты өткізуге болатынын . Балаларды тыңдай және түсіне білуге , тез қабылдауға үйрету . Қорық жерлер не үшін керек түсіндіру. Баланың зеректігін , ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа , тазалыққа , жинақылыққа тәрбиелеу.

	«Коммуникация» Көркем әдебиет -(0,5) 1-3апт Тіл дамыту -(0,5) 2-4ап	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Таным» Сенсорика - (0,5)1-3 апт Жаратылыстыну-(0,5)2-4 апт	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Шығармашылық» Сурет салу (0,5) 1-3 апт Мүсіндеу (0,5) 2-4 апт	«Шығармашылық» Музыка (1)	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1)
1 А П Т А	Көркем әдебиет (0,5) Тақырыбы: «Екі дос» (өлең) <i>Қадыр Мырза Әли</i> Мақсаты: оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Досынды тап»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру. Мақсаты: Жылдам қозғалуды, баяу, жылдам жүруді және доптарды себетке салуды үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. «Қуыршақтарға қонаққа бару» ойыны Сенсорика(0,5) Тақырыбы: «Ойыншық құлыншақтың жолы» Мақсаты: балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету. Үстел –үсті ойыны: «Жол жаса»	Дене шынықтыру Тақырыбы: 2. Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүгіру. Мақсаты: Жылдам қозғалуды, баяу және жылдам жүруді, жүгіруді үйрету. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. «Қуыршақтарға қонаққа бару» ойыны Сурет Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар» Мақсаты: қағазбен, майлы қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Дидактикалық ойын: «Көңілді сызықтар»	Музыка Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты: балаларды балабақшамен музыка залымен таныстыра отырып ән, күй тыңдау, талдау, балабақша әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру .	Дене шынықтыру Тақырыбы: Қол ұстасып, шеңбер құрып тұру. Мақсаты: Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. «Қуыршақтарға қонаққа бару» ойыны
2 А П Т	Тіл дамыту (0,5) Тақырыбы: «Біздің топ» Мақсаты: балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен	Дене шынықтыру Тақырыбы: Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Мақсаты:	Дене шынықтыру Тақырыбы: Таяқшаярдан (3-4) аттап жүру. Мақсаты: Балаларға белгіленген	Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Балаларды достық	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту.

А	таныстыру. Дидактикалық ойын: «Топқа саяхат»	Балаларды белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу ережелеріне үйрету. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Жаратылыстану (1) Тақырыбы: «Топтағы гүлдер» Мақсаты: Берілген суреттерден топтағы гүлдерді ажыратып, табу Үстел –үсті ойыны: «Гүлдерді топтастыр»	жерге дейін еңбектеуді қайталану және 3-4 таяқшалардан аттап өтуге үйрету. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Мүсіндеу (0,25) Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған орындық» Мақсаты: балаларды сазбалшық, ермексазбен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Таяқшалар»	туралы ұғымды таныстыра отырып ән, күй тыңдау, талдау, дос болайық бәріміз әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру.	Мақсаты: Балаларға таяқшалардан аттап өтуді қайталану және кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүруді үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын қадағалау. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.
З А П Т А	Көркем әдебиет (0,5) Тақырыбы: «Бөлме жасаймыз» (Фланелеграф тақта) Мақсаты: балаларға жиһаздарды атап айтуға үйрету. (Үстел, орындық, керуерт). Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа орындық»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Мақсаты: Балаларға кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүруді және еңбектеп жіпті астынан өтуді үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын қадағалау. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. ойыны Сенсорика(0,5) Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған моншақтар» Мақсаты: балаларды әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Үстел-үсті ойыны: «Моншақты тіз»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты қос қолмен ұстал шеңберге лақтыру. Мақсаты: Балаларға еңбектеп жіптің астынан өтуді қайталану және допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыруды үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау. Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Жаттығулардың ережесін дұрыс орындауға дағдыландыру. Есте сақ- Сурет Тақырыбы: «Ойыншық қақпалар» (екі түспен қақпалар салу) Мақсаты: қарындашты дұрыс ұстай алуды үйрету. Қысқа және ұзын сызықтарды жүргізе білуді үйрету. Дидактикалық ойын: «Әдемі қақпалар»	Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Балаларды достық туралы ұғымды таныстыра отырып ән, күй тыңдау, талдау, дос болайық бәріміз әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Доғалар астынан еңбектеп өту. Мақсаты: Балаларға допты лақтыруды және еңбектеуді үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау. Қимыл-қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

4 А П Т А	Тіл дамыту (0,5) Тақырыбы: «Менің ойыншығым» Мақсаты: ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Тәрбиешінің сөзін түсініп, не? қандай? сұрақтарына жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды ата»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Арқан үстінен секіру. Мақсаты: Балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға үйрету- Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау. Қимыл-қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру. (торғай, қарға, шымшық, көгершін) Дидактикалық ойын: «Торғайға жем береміз»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Тартылған жіптен аттап өту (биіктігі 10-15см). Мақсаты: Балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау. Қимыл-қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Күн мен бұлт» Мақсаты: мүсіндеу жұмысында қолданылатын материалдармен, құралдармен таныстыру. Мүсіндеудің негізгі тәсілдерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы: «Қоян келді қонаққа» (Жиһазбек таныстыру) Мақсаты: балаларды қоян туралы ұғымды таныстыра отырып ән, күй тыңдату, талдау, дос болайық бәріміз әнін таныстыру, музыкамен байланыстыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Мақсаты: Балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау. Қимыл жаттығуларды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
-----------------------	--	---	--	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

«Бөбек» Ерте жас тобы

Қазан айы

Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

	«Коммуникация» Көркем әдебиет -(0,5) 1-3апт Тіл дамыту -(0,5) 2-4ап	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Таным» Сенсорика - (0,5)1-3 апт Жаратылыстыну-(0,5)2-4 апт	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Шығармашылық» Сурет салу (0,5) 1-3 апт Мүсіндеу (0,5) 2-4 апт	«Шығармашылық» Музыка (1)	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1)
1 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме) Мақсаты: адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, өзге адамға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Сенсорика. Тақырыбы: Көңілді ойындар. Мақсаты: Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсомоторлық кеңістік «көз-қол» үйлесімдігін дамыту.Судағы ойыншықтарды аумаулауға үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтауқабілеттерін дамыту. Сурет салу Тақырыбы: «Қағаз, қарындашпен таныстыру» Мақсаты: қағазбен майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету.Зейінділікке, қабілетін дамыту. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу Ән тыңдау: «Нешеуіміз» А.Токсанбаев Ән айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова	Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.Қайталау Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтауқабілеттерін дамыту.

2 А П Т А	Тіл дамыту Тақырыбы: «Өзінің отбасы туралы әңгіме» Мақсаты: Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Тілде сын есімдерді (мейірімді, тату), етістіктерді (қамқорлық жасау, жұмыс істейді, көмектеседі) дұрыс қолдана білуді үйрету. Өз отбасы жайлы әңгімелеу барысында сөздік қорларын дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру, «г», «п», дыбыстарының айтылуын бекіту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру. Допты бір-біріне домалатуды үйрету. Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: Мен және менің достарым Мақсаты: Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Отырып (арақашықтығы 50-100 см), допты бір-біріне домалату. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден аттай алуға дағдыландыру. Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Күн мен бұлт» Мақсаты: мүсіндеу жұмысында қолданылатын материалдармен, құралдармен таныстыру. Мүсіндеудің негізгі тәсілдерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы: «Біздің аула» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би қимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру Ән тыңдау: «Шулы дыбыс» муз. А. Айтуова Ән айту: «Біз-көңілді баламыз» Б. Жұмабекова Әуенді ырғақты –қимыл ойын: «Күн мен жаңбыр»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Отырып (арақашықтығы 50-100 см), допты бір-біріне домалату Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.
3 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» (өлең) Мақсаты: еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу	Дене шынықтыру Тақырыбы: Биіктіктен қос аяқпен секіру (5-10 см). Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Қонжыққа арналған сүйретпе» Мақсаты: Еңбек құралдарына ұқсайтын ойыншықтарды қолдану. Бір шамасы туралы түсінік беру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Екі қатарға қойылған (ұзындығы 3 м, арасы 30-40 см алшак) кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүру. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдылауды, допты лақтыруға үйрету. Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын жолдар» Мақсаты: балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру,	Музыка Тақырыбы: «Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К. Қуатбаев Ән айту: «Бәріміз бірге» А. Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев)	Дене шынықтыру Тақырыбы: Екі қатарға қойылған (ұзындығы 3 м, арасы 30-40 см алшак) кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүру. Мақсаты: Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау, ойлау қабілетін дамыту.

			бейнеленгендердің іс-әрекет арқылы көрсете білу. Қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету. Саусак, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту.		
4 А П Т А	Тіл дамыту Тақырыбы: «Көкөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Балаларды ыдыс-аяқ атаулары бойынша сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру, «ш» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. Демонстрациялық әрекеттер бойынша әңгіме құрастыруды жалғастыру (сөздерді қолдану: тазалау, жуу, турау, қайнату) жеке сөздерді айтуға ынталандыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты 50-60 см арақашықтықта лақтыру (диаметрі 10-15 см). Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, жүгіру қарқынын өзгертуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау, ойлау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: Қонаққа қуыршақ Сәуле келді Мақсаты: Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіру. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгеруге баулу. Эстетикалық талғамын арттыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Мақсаты: Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Саңырауқұлақты алқап» Мақсаты: мүсіндеу жұмысында қолданылатын материалдармен, құралдармен таныстыру. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қолшатыр»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Қайталау Мақсаты: Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді үйрету. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын, дене бітімдерін тік ұстауларын қадағалау және дұрыс
5 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз» (өлең) Мақсаты: күз туралы білімдерін тиянақтау. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. <i>Ырыс, құт-береке, молшылық</i> сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір тізбекпен тізені жоғары көтеріп жүру. Мақсаты: Жаттығуларды орындау барысында балалардың икемділігін қалыптастыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты алға домалату және оны қуып жету. Мақсаты: Допты алға домалату және оны қуып жетуді үйрету. Жаттығуларды	Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Қайталау Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Ән тыңдау: «Күз келгенде»	Дене шынықтыру Тақырыбы: . Допты алға домалату және оны қуып жету. . Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа

	Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту.	Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Алақанға жасыр»Мақсаты: Балаларды бір сенсорлық белгіден (пішіні) біркелкі заттарды топтауға үйрету; мына мысалдар мен тірек сөздерге қарап, тапсырманы орындау; «үлкен», «кішкентай», «осындай», «осындай емес» - деген түсініктерімен таныстыру.	орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа) шеңберге лақтыруды үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Әртүрлі түстегі қақпалар» Мақсаты: қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету.	Ж.Қалжанова Ән айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қолшатыр»	шеңберге лақтыру. Мақсаты: Допты алға домалату және оны қуып жетуді үйрету. Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Жүгіру кезінде дұрыс таныс алуларын, дене бітімдерін тік ұстауларын қадағалау және дұрыс қалыптасуын дамыту.
--	---	--	---	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

«Бөбек» Ерте жас тобы

Қараша айы

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлықа тәрбиелеу, дербес кимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

	«Коммуникация» Көркем әдебиет -(0,5) 1-3апт Тіл дамыту -(0,5) 2-4ап	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Таным» Сенсорика - (0,5)1-3 апт Жаратылыстыну-(0,5)2-4 апт	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Шығармашылық» Сурет салу (0,5) 1-3 апт Мүсіндеу (0,5) 2-4 апт	«Шығармашылық» Музыка (1)	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1)
1 А П Т А	Тіл дамыту (0,5) Тақырыбы:«Шұбар тауық» ертегісі Мақсаты: Балалараға ертегі мазмұнын әңгімелеп беру. Ересектердің айтқанын тыңдап, түсіне білуге, сұрақтарына жауап беруге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздің қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтыққа) шенберге лақтыру. Мақсаты: Бір сызықтан қос аяқпен секіруді үйрету. Жаттығуларды орындау балалардың икемділігін дайындау. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын, дене бітімдерін тік ұстауларын қадағалау және дұрыс қалыптасуын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы, тема: "Бидай себу" Мақсаты, цель: Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға,өсімдіктерге күтім жасауға тәрбиелеу.Өсімдіктерге қамқорлық жасау,дағдыларын	Дене шынықтыру Тақырыбы: 2. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Мақсаты: Бір сызықтан қос аяқпен секіруді үйрету. Жаттығуларды орындау балалардың икемділігін дайындау. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын, дене бітімдерін тік ұстауларын қадағалау және дұрыс қалыптасуын дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көкөністер» Мақсаты: Күз айлары молшылық, береке сыйлайтынын, көкөністер мен жемістер пісіп, жиын-терін болатынын түсіндіру. Тиынақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы:«Мен кімге ұқсаймын?» Мақсаты: Әннің мағынасын түсіну. Әнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кімге мен ұқсаймын». («Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Қарашы маған» А.Айтуова Әуенді - ырғақты қимыл-ойын : «Топ-топ басайық» (Үш тілдегі әндер) жинағынан)	Дене шынықтыру Тақырыбы: 2. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Мақсаты: Бір сызықтан қос аяқпен секіруді үйрету. Жаттығуларды орындау балалардың икемділігін дайындау. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын, дене бітімдерін тік ұстауларын қадағалау және дұрыс қалыптасуын дамыту.

		калыптастыру.Өсімдіктерді үлкендермен бірлесіп күтім жасауға үйрету.Еңбектенуге қызығушылықтарын арттыру.			
2 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: Шалқан (орыс халық ертегісі) Мақсаты: балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету	Дене шынықтыру Тақырыбы: Сызықтардың, жіптердің ортасымен (арақашықтықтары 20-30 см) жүгіру. Мақсаты: Балаларды сызықтардың, жіптердің ортасымен жүгіруге үйрету, біртізбекпен жүруге, жүгіруге дағдыландыру. Қимылды ойындарды қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу. Балалардың өз бетінше жасалатын қозғалыстық қызметін тұрақтықолдап отыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сенсорика Тақырыбы: «Шарлардың жіптері» Мақсаты: Балаларды бір сенсорлық белгіден бірдей заттарды топтастыруға үйрету; Дөңгелек пішінмен таныстыру. Сөздік қорын дамыту.Д/о «Түстес жіпті тап»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Мақсаты: Балаларды биіктігі 30-40 см жіптің астынан еңбектеп өтуге үйрету. Бір тізбекпен жүруге, жүгіруге дағдыландыру Сурет салу. Тақырыбы: Жау-жау, жаңбыр. Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету.	Музыка Тақырыбы: «Дәрумендер» Мақсаты: Табиғи дәрумендер туралы түсініктерін, көңілді әуенмен көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру. Ән тыңдау: «Алтын күзде молшылық» А.Айтуова Ән айту: «Апорт деген тәтті алма» Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Жемістер мен көкөністер»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Мақсаты: Балаларды биіктігі 30-40 см жіптің астынан еңбектеп өтуге үйрету. Балалардың өз бетінше жасалатын қозғалыстық қызметін тұрақты қолдап отыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
3 А П Т А	Тіл дамыту Тақырыбы:«Көмекшілер» Мақсаты: Заттарды топтастыруға, оларды атай білуге (ыдыс-аяқтар-қасық, шанышқы, кесе, тостаған, т.б.) үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан-ел байлығы». Мақсаты: нан адамның ең басты талғамы екенін білуге, нан қалай жасалатынын, қалай еңбектенетінін айтып түсіндіру; адам еңбегіне, нанға деген	Мүсіндеу Тақырыбы: «Кірпілер» Мақсаты: балаларға табиғи материалдарды ермексазды пайдаланып, кірпінің мүсінін жасауды үйрету. Тиынақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік	Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Өз-өзіне қызмет етуге, ұжымдық әрекетке баулу. Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс	

	Сұрақ-жауап әдісі арқылы таныс шығармалардың мазмұнын айтып беоуге дағдыландыру	кұрметпен қарауға тәрбиелеу.	қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова (Үш тілдегі әндер» жинағынан)	
4 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі) Мақсаты: «Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты бір қолмен (он, сол) лақтыру. Мақсаты: Балаларды бір тізбекпен ирелендеп жүруге, жүгіруге үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу. Балалардың өз бетінше жасалатын қозғалыстық қызметін тұрақты Сенсорика. Тақырыбы: «Бірдей пішінді тап» Мақсаты: Балаларды бір сенсорлық белгіден (пішіні) бірдей заттарды топтастыруға үйрету;мына мысалдар мен тірек сөздерге қарап, тапсырманы орындау: «үлкен», «кішкентай», «осындай», «осындай емес»деген түсініктерді бекіту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде ирелендеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру Мақсаты: Балаларды ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүруді және жаттығуларорындағанда арақашықтықты сақтауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Сурет салу. Тақырыбы: Жапырақтар түсуде. Мақсаты: Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету.Сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету. Дамытушылық: Балалардың зейінін, қабілеттерін дамыту.	Музыка Тақырыбы: «Біз күштіміз, ептіміз» Мақсаты: Музыка сүйемелдеуімен ырғаққа сәйкес нақты қимылдар жасау. Ән тыңдау: «Біз-кішкентай бишіміз» Б.Жұмабекова Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев «Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кім жылдам?» қимылды ойын	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде ирелендеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру Мақсаты: Балаларды ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүруді және жаттығуларорындағанд а арақашықтықты сақтауға дағдыландыру. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

«Бөбек» Ерте жас тобы

Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тапқақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

	«Коммуникация» Көркем әдебиет -(0,5) 1-3апт Тіл дамыту -(0,5) 2-4ап	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Таным» Сенсорика - (0,5)1-3 апт Жаратылыстыну-(0,5)2-4 апт	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Шығармашылық» Сурет салу (0,5) 1-3 апт Мүсіндеу (0,5) 2-4 апт	«Шығармашылық» Музыка (1)	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1)
1 А П Т А	Тіл дамыту Тақырыбы: «Ертегілер әлемі» Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұнын айтқызу арқылы сөздік қорын молайтып, тілін дамыту. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: I. Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру. Мақсаты: Балаларды шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіруге және кегельдер арасымен жүгіруді үйрету. Жаттығуды орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққатәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: Қазақстан Республикасының рәміздері. Мақсаты: Қазақстан Республикасының рәміздерін танып біліп, айтып беруге үйрету. Қазақстан Республикасының Гимніне рәсім жасауды үйрету. Қазақстан Республикасының рәміздеріне	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кегельдер арасымен жүгіру. Мақсаты: Балаларды биіктіктен секіруді және жаттығуларды толық, дұрыс орындауға үйрету. Жаттығу орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұлттық ою-өрнектер» Мақсаты: балаларға ермексаядан ширату әдісін жетілдіру мақсатында балаларға ұлттық ою-өрнектерді бүркелеп мүсіндеуді үйрету. Тиынақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қорын молайту,	Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Ән тындау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кегельдер арасымен жүгіру. Мақсаты: Балаларды биіктіктен секіруді және жаттығуларды толық, дұрыс орындауға үйрету. Жаттығу орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту.

		құрметпен қарауға тәрбиелеу.	сөйлеуге дағдыландыру.		
2 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отан» өлеңі (мәнерлеп оңу) Мақсаты: Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы әдебиетке құштарлыққа баулу, өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. Өз Отанын сүйуге тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: 5-10 см биіктіктен секіру. Мақсаты: Балаларды биіктіктен секіру және жаттығуларды толық, дұрыс орындауға үйрету. Жаттығулар орындағанда арақашықтықты сақтауға дағдыландыру. Сенсорика Тақырыбы: «Екі мұнара» Мақсаты: Балаларды түсі бойынша тым жақын, бірдей заттарды топтастыруға үйрету (қызыл, сары, күлгін, қара, ақ).	Дене шынықтыру Тақырыбы: Доғаның астымен енбектеу. Мақсаты: Балаларға доптарды себетке лақтыруды үйрету. Жаттығу ережелерінжәне жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет Тақырыбы: «Түрлі- түсті жіптер» Мақсаты: Фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету. Саусақтарының бұлшықеттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: «Менің қалам» Мақсаты: Туған қалаға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Қаланың қысқы көрінісін сипаттау. Ересектермен бірге ән салуға дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Менің қалам-Қызылорда» А.Еспенбетова Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын «Қар жинаймыз»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Доғаның астымен енбектеу Қайталау. Мақсаты: Балаларға доптарды себетке лақтыруды үйрету. Жаттығу ережелерінжәне жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
3 А П Т А	Тіл дамыту» Тақырыбы:«Жасыл шырша жанында» (өлең бойынша әңгіме құрастыру, жаттау) Мақсаты: А. Асылбековтың «Жасыл шырша» жанында атты өлеңінің мазмұны бойынша, әңгіме құрастыру, үйрету. Зат есім, сын есімдерді байланыстырып айтуға үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: I. Доптарды себетке лақтыру. Мақсаты: Балаларды еденде жатқан арқан үстімен жүруге үйрету. Жаттығуерекелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: Қысқы киімдер. Мақсаты: қыстық киім түрлерімен (баскиім, аяқкиім, сырт киім) таныстыра отырып, ұл бала мен қыз баланың қыстық	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру, Мақсаты: Балаларға ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіруді үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Мүсіндеу» Тақырыбы: «Аяз ата мен ақшақар» Мақсаты: мүсіндеуде айқын бейнені мүсіндеу тәсілімен бірге	Музыка Тақырыбы:«Астана-бас қала» Мақсаты: Астана қаласы туралы әңгімелеу. Шеңбермен айнала жүру дағдыларын көрсету. Ән тыңдау: «Менің Отаным» Б.Ғизатов Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қар жинаймыз» ойыны	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру,Қайталау Мақсаты: Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Секіре білу қабілеттерін дамыту.

		киімдерін ажырата білуге үйрету. Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оны жүзеген асыру. Тиынақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.		
4 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аққу-қаздар» ойыны Мақсаты: қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, өзге адамға мейірімділікті, қамқорлық қатынас білдіруді ниеттеуді жалғастыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру. Мақсаты: Балаларға ирелендеген жолмен жүруді үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: Бір көлемдегі шарлардан, кубтардан мұнара жасау. 2-3 топты қарама-қарсы өлшемдегі сақиналардан пирамида жинастыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Ирек жолмен жүру. Мақсаты: Балаларды түзу бағытта қойылған заттардан аттап өтуге үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Сурет салу. Тақырыбы: «Шырша шамдарын жағамыз» Мақсаты: Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып берілген суретті жалғастырып саусақтарымен таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету. Саусақтарының икемділіктерін арттыру, сурет салуға деген қызығушылық сезімдерін тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: «Қазақстан-елімнің аты» Мақсаты: Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қарапайым би қимылдарында жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу Ән тыңдау: «Отаным» К.Қуатбаев Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын «Қонжықтар» биі	Дене шынықтыру Тақырыбы: Ирек жолмен жүру. Мақсаты: Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Ойнау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
«Бөбек» Ерте жас тобы
Қаңтар айы
Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Мақсаты: Балалардың тірі,өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылыбалалардыөсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

	«Коммуникация» Көркем әдебиет -(0,5) 1-3апт Тіл дамыту -(0,5) 2-4ап	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Таным» Сенсорика - (0,5)1-3 апт Жаратылыстыну-(0,5)2-4 апт	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Шығармашылық» Сурет салу (0,5) 1-3 апт Мүсіндеу (0,5) 2-4 апт	«Шығармашылық» Музыка (1)	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1)
1 А П Т А	«Тіл дамыту» Тақырыбы:«Шана тебеміз» (әңгіме құрастыру) Мақсаты: Тәрбиешінің үлгісі бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Киім (түс, мөлшер), әрекет (тебеміз, жүгіреміз, ойнаймыз,т.б.) атауларын бекіту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолдану (жылы-суық, тұрды-құлады).	Дене шынықтыру Тақырыбы: Түзу бағытта (биіктігі 10-15 см) заттарды аттап өту. Мақсаты: Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: Қысқы киімдер. Мақсаты: қыстық киім түрлерімен (баскиім, аяқкиім, сырт киім) таныстыра отырып, ұл бала мен қыз баланың қыстық киімдерін ажырата білуге уйрету. Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Доптыжоғары лақтыру. Мақсаты: Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігінарттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Мүсіндеу» Тақырыбы: «Қысқы ойындар» Мақсаты: Жеке тұлғаларды мүсіндей отырып, мазмұнды композиция құрастыруға үйрету. Тиыақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену. Ән тыңдау: «Арша» Б.Дәлденбаев Ән айту: «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличиева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Шыршамызды безендірейік	Дене шынықтыру Тақырыбы: Доптыжоғары лақтыру. Мақсаты: Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігінарттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Ойнау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тұлғаныңүйлесімді дамуын қалыптастыру.

2 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Суретші қыс» (өлең) Мақсаты: өлеңді көрнекі құралдар көмегінсіз жатқа айтуға, оны дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс-тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде жатқан арқан үстімен тұзу жүру. Мақсаты: Балаларды гимнастикалық орындық үстімен жүруге үйрету. Іс-әрекетқабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Саңырауқұлақтарға орын» Мақсаты: Балаларға сенсорлық тақтадан 4 (қызыл,сары,көк,жасыл) негізгі түстен үстел түсіне сәйкес саңырауқұлақтардың орнын табу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Гимнастикалық орындық үстімен қолды белде ұстап жүріп өту. Мақсаты: Баяларды тепе-теңдікті сақтай білуге, кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге үйрету. Ептілікке баулу. Суыққа төзімді, шымыр азамат тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дене бітімдерінің дұрыс қалыпта-суын қадағалау. Сурет салу Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды» Мақсаты: Саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтардың бұлшықеттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы:«Жануарлар әлемінде» Мақсаты: Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу. Ән тыңдау: «Төлдер» Б.Ғизатов Ән айту: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Гимнастикалық орындық үстімен қолды белде ұстап жүріп өту.Қайталау Мақсаты: Баяларды тепе-теңдікті сақтай білуге, кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге үйрету. Ептілікке баулу. Суыққа төзімді, шымыр азамат тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дене бітімдерінің дұрыс қалыпта-суын қадағалау.
3 А П Т А	Тіл дамыту» Тақырыбы:«Қысқы серуен» (әңгіме құрастыру) Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелетуді жалғастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту. Сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Қойылған заттардың арасымен еңбектеу. Мақсаты: Балаларды кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге, бөренелерден аттап өтуге үйрету. Ептілікке баулу. Суыққа төзімді, шымыр етіп тәрбиелеу Жаратылыстану. Тақырыбы: Сүт өнімдері.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Қойылған заттардың арасымен еңбектеу. Мақсаты: Балаларды кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге, бөренелерден аттап өтуге үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға баулу. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы:«Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Кішкене торғай» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні	Дене шынықтыру Тақырыбы: Қойылған заттардың арасымен еңбектеу Мақсаты: Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.

		Мақсаты: Сүт өнімдерінен алынатын өнімдерге байланысты слайдтар немесе мазмұнды суреттер. Сүттің адам денсаулығына пайдасының мол екені туралы білімдерін кеңейту.	Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұйқыдағы мысықтар» Мақсаты: Әр түрлі көлемдегі цилиндрден мүсін құрастыру. Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.		
4 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін естеріне түсіру, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Қойылған заттардың арасымен енбектеу. Мақсаты: Балаларды кедергілерді қозғамай еңбектеп етуге, беренелерден аттап өтуге үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға баулу. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа және суыққа төзімді шымыр етіп тәрбиелеу. Сенсорика. Тақырыбы: Мен сияқты жаса. Мақсаты: Қарапайым әдісін қолданумен екі құрамды пирамида жинауға үйрету (көлемі және түсі бойынша).	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты жерге ұрып ыршытып, ұстап алу. Мақсаты: Балаларға баяу және жылдам жүруді, допты қағып, ұстап алуды үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар» Мақсаты: Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты жерге ұрып ыршытып, ұстап алу. Қайталау Мақсаты: Балаларға баяу және жылдам жүруді, допты қағып, ұстап алуды үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.
5 А П Т А	«Тіл дамыту» Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге шығару үшін кіндіреміз» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Тәрбиешінің	Дене шынықтыру Тақырыбы: Гимнастикалық таяқшадан секіру. Мақсаты: Балаларды баяу және	Дене шынықтыру Тақырыбы: Белгіленген жерге дейін еңбектеу. Мақсаты: Белгіленген жерге дейін	Музыка Тақырыбы: «Көңілді қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән	Тақырыбы: Белгіленген жерге дейін еңбектеу. Мақсаты: Ептілікке, шыдамдылыққа

	көмегімен әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Киім-кешектерді, істелінетін әрекеттерді, түсті білдіретін сын есімдерді атауды үйрету.	жылдам жүруге, белгіленген жерге дейін еңбектеуге үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыста құстарға қамқорлық жасайық» Мақсаты: Балаларды қыстайтын құстармен таныстыру: торғай, сауысқан, қарға, шымшық, көгершін; олардың тіршілігіндегі ерекшеліктермен таныстыру . Дидактикалық ойын: «Жемсалғыш»	еңбектеуді және қосақтасып жүгіруді үйрету. Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу» Тақырыбы: «Қой» Мақсаты: Бедерлі мүсіндеу және тұзды қамырмен жұмыс істеу тәсілдері бойынша алған дағдыларын жетілдіру. Қойға тән ерекшеліктерді бере білу.Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	айту Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр»	тәрбиелеу. Қимылды ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Сылдырмақтар, гимнастикалық таяқшалар және жалаушалармен жаттығуларды орындау қабілеттерін дамыту.
--	--	--	---	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
«Бөбек» Ерте жас тобы
Ақпан айы
Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

	«Коммуникация» Көркем әдебиет -(0,5) 1-3апт Тіл дамыту -(0,5) 2-4ап	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Таным» Сенсорика - (0,5)1-3 апт Жаратылыстыну-(0,5)2-4 апт	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1) «Шығармашылық» Сурет салу (0,5) 1-3 апт Мүсіндеу (0,5) 2-4 апт	«Шығармашылық» Музыка (1)	«Денсаулық» Дене шынықтыру (1)
1 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құлыншақ» (өлең) Мақсаты: балалар көркем әдебиетіндегі адамгершілік әлемімен таныстыру. Туынды мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Әдеби кейіпкерлердің бейнесі мен ересектерге жақсы қарым-қатынасты үлгі ету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Белгіленген жерге дейін қосақтасып жүтіру. Мақсаты: Белгіленген жерге дейін еңбекгеуді және қосақтасып жүтіруді үйрету.Іс-әрекет қабілеттілігін арттыру. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Тентек қонжық» Мақсаты: Тапсырылған 3-4 сенсорлық қасиеттерден әр түрлі заттардан бір форманы таңдауға жаттықтыру, оны іске асыруын білу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Мақсаты: Негізгі қимыл жаттығуларын орындау тәртібін үйрету. Қауіпсіздікерезжелерімен таныстыру; Денсаулығы мықты, шымыр азамат тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Қардағы іздер» Мақсаты: Қағазға саусақпен дақ түсіруді үйретуді жалғастыру, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу, саусақтарының бұлшықеттерін дамыту. Табиғаттың әсемдігін сезіне	Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау. Әуенге әсерлену. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру.Қайталау Денсаулығы мықты, шымыр азамат тәрбиелеу. Ептілікке, шапшандыққа баулу. Қимыл-қозғалыс ойындарына деген

			білуге тәрбиелеу.		
2 А П Т А	Тіл дамыту» Тақырыбы:«Шай қайнатуды үйренеміз» (дидактикалық ойын) Мақсаты:Тағам және шай ішуге арналған ыдыстармен таныстыру, түрлерін атай білуге үйрету, ойын жағдаяттарын көрсету арқылы шай дайындауды түсіндіру (шәйнекке шай салып, су құю).	Дене шынықтыру Тақырыбы: Аяқұшымен жүру. Мақсаты: Негізгі қимыл жаттығуларьт орындау тәртібін үйрету. Қауіпсіздікережелерімен таныстыру. Денсаулықты мықты, шымыр азамат тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Сумен тәжірибе жүргізу» Мақсаты: Судың мөлдір екенін, бірақ оның кез-келген түске бояуға немесе ластауға болатынын көрсету. Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жуан аркан бойымен бір қақпаға, адымдай жүру Мақсаты: Негізгі қимыл жаттығуларын орындау тәртібін үйрету. Қауіпсіздікережелерімен таныстыру. Денсаулығы мықты, шымыр азамат тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Тышқандар» Мақсаты: Қаңқасы фольга болатын тышқанды тұзды қамырданжасауды үйрету. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын ояту.Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Поезд келеді» (Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жуан аркан бойымен бір қақпаға, адымдай жүру Мақсаты: Денсаулығы мықты, шымыр азамат тәрбиелеу. Ептілікке, шапшандыққа баулу. Спорт ойындарына деген қызығушылықтарын дамыту.
3 А П Т А	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) Мақсаты: Балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Лото ойыны: «Топтастыр»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату Мақсаты: Негізгі қимыл жаттығуларын орындау тәртібін үйрету. Қауіпсіздікережелерімен таныстыру. Денсаулығы мықты, шымыр азамат тәрбиелеу. Сенсорика . Тақырыбы: «Пазылдан сурет	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кішкентай доппен кегельдер арасымен ирелендеп жүгіру. Мақсаты: Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеуді үйрету. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу.	Музыка Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кішкентай доппен кегельдер арасымен ирелендеп жүгіру. Мақсаты: Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын қадағалау. Дене

		құрастыр» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Заттың бір тұтас бейнесін қабылдауға жаттықтыру.	Тақырыбы: «Мұз сүңгілері» Мақсаты: Үзік сызықты сыздырта отырып кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.		бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын дамыту.
